

Хаттама №1

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай Ауданы бойынша білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»КММ-де қамқоршылық кеңестің отырысы болды.

Қатысқан:9.

Қатыспаған :0.

Өткізілген күні: 15.08.2025 жыл

Күн тәртібінде:

- 1.«Сыбайлас жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу» туралы мектептегі бұйрықпен танысу; (хабарламашы А.Мұқағалиева)
2. Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жоспарын құру және бекітуге ұсыну; (хабарламашы қамқоршылық төрағасы Д.Сембаев)
3. Мектеп бойынша тегін мектеп формасы мен аяқ киімге және ыстық тамақпен қамтамасыз ететін аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды анықтау.(хабарламашы әлеуметтік педагог М.Кишанова)
4. «Мектепке жол акциясы»барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек көрсету; .(хабарламашы әлеуметтік педагог М.Кишанова)
5. Мектеп жарғысына толықтырулар немесе өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындау. (хабарламашы А.Мұқағалиева)

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО А.Мұқағалиева

« Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» бұйрықпен, 2015 жылғы 10.10 ҚР Заңының 10-бабына, ҚР Мемлекеттік Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген жұмыстармен,2017 жылғы 30 мамырдағы № 54 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстырды.

Екінші жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жоспарын құру және бекітуге ұсыну; (хабарламашы қамқоршылық төрағасы Д.Сембаев)

Жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды.

Әлеуметтік педагог М.Кишанова

Мектеп бойынша тегін мектеп формасы мен аяқ киімге және ыстық тамақпен қамтамасыз ететін аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың тізімін оқып таныстырды:

- Биылғы оқу жылында ыстық тамақ ісуге 45 бастауыш сынып оқушыларының тізімі жасалды, 7 оқушының мектеп формасына қаржылай көмек алуға тізімі жасалынды. Осы тізімдегі оқушыларға қосарларыңыз бар ма, ұсыныс айтасыздар ма?

«Мектепке жол акциясы» барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек көрсету:(хабарламашы әлеуметтік педагог М.Кишанова)

- Қыркүйек айынан бастап «Мектепке жол» акциясы жалғасып, акция барысында «Қайырымдылық айлығы» жарияланып, мектеп ұжымы, ата-аналар акцияға белсене қатысты.

Мектеп жарғысына толықтырулар немесе өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындау:(хабарламашы А.Мұқағалиева)

Мектеп жарғысымен таныстырды «Шығыс Қазақстан облысы қаржы басқармасы» ММ 2021 ж»21.10.№17 -538 (к) бұйрығымен бекітілген.

Жарыс сөз:

Нигыметова.А – Күн тәртібіндегі мәселелер орынды, күн көріс деңгейі орташа отбасының балаларына қайырымдылықтан көмек көрсетейік, не қажеттілік бар сұрайық.

Аменгазина.А.- Ата-аналарды қолдау орталығының сабағына қатысайық, лагерьге баратын отбасылардың жол шығынына қайырымдылық қорынын көмек жасалса.

Қамзабекова.А.- Ыстық тамақтың дұрыс берілуін қамқоршылық кеңес мүшелері жүйелі тексерсе, ас мәзірі бойынша.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін.
2. Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жоспары бекітілсін.
3. Тегін мектеп формасы мен аяқ киімге, ыстық тамақ ішуге ұсынылған тізім бекітілсін.
4. «Мектепке жол» акциясы жалғасын тапсын, түскен қаржы аз қамтылған отбасылардың балаларына жұмсалсын.
5. Мектеп жарғысы еске алынып, жұмыс жасалынсын.
6. Осы қаулының орындалуына басшылық жасау төраға Сүлейменов Бауыржанға міндеттелінсін.

Жиналыс төрағасы:

 Д.Сембаев

Мүшелері:

 А.Нигыметова
 М.Бейсембаева
 Б.Курымбаева
 А.Аменгазина
 А.Қамзабекова
 Е.Қабыкенов
 Ж.Мұратханова
 А.Дулатқызы

Хатшы:



А.Оразова